

ТҮРКІ - МОНҒОЛ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН ТЕРМИНДЕР ҚАБАТЫ**Карибаева А.У.***РАМның корр.мүшесі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз инновациялық институты, Қазақстан*

Түркі - монғол тілдерінің қарым - қатынасын үлкен екі дәуірге бөліп қарауға болады. Оның бірі - көне дәуір де, ал екіншісі XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркі тілдес ру - тайпаларды жаулап алып үстемдік жасаған дәуірі.

Монғол шапқыншылығынан елдің мәдени, рухани жағдайы төмендеді. Орта Азия мен Қазақ даласының бүкіл әлемге әйгілі болған мәдени орталықтары Отырар, Сауран, Сығанақ, Баласағұн және т.б. қалалары аяусыз талқандалды. Осының барлығы туысқан түркі тайпаларының біртұтас халық болып қалыптасуына кесірін тигізді [1.85].

Ал монғол шапқыншыларының бұл өңірді басып алып, ұзақ замандар үстемдік етуі, ондағы түркі және иран тілдес тайпалардың өз ара араласуына, не жіктелуіне ғана емес, сонымен бірге ұлттық тұрпатын өзгертіп, монғолдастыруға және этностық мәдениет пен тілдердің өзара жақындаса түсуіне, ұқсас белгілерінің пайда болуына, өз ықпалын тигізгендігі сөзсіз.

XV ғасырда Көк Орда, Шайбанихан ұлысы және Моғолстан тәрізді өлкелердің көбі үлкен саяси бірлестіктің құрамына енген болатын. Монғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірдегі өзара қарым-қатынасы екі жаққа бірдей ықпал жасады. Сондықтан да бұл тілдердің лексикалық қорында кездесетін көптеген ауыс - түйіс ортақ дүниені заңды түрдегі *субстрат*, *суперстрат құбылыс*, - деп қараған жөн. *Субстрат* – ол белгілі бір жердегі, ертеде болған тілдерден қалған, лингвогеографиялық көне элементтер. Оның негізінде этникалық араласу және кірме сөздердің тілдік ассимиляциясы жатады. Бұл қостілділік кезеңінен кейін пайда болады [2.214].

Субстрат теориясы XIX ғ. басында пайда болған, ал оның негізі түркі – монғол тілдерінің лексикалық қабатының ортақтығы дәуірінде қалыптасқан деп ойлаймыз. Бұл мәселе осы күнге дейін не түркологтар, не монғолистер тарапынан арнайы зерттелген емес. Ал, қазақ тіліне келетін болсақ оның монғол (халха, ойрат, бурят т.б.) тілдерімен Шыңғысхан дәуірінен кейін (XVII-XVIII ғ.ғ.) де ойраттар, қалмақтар мен жоңғар басқыншыларын қазақ жеріне салған ылаңына байланысты қарым-қатынаста болғанын біз тарихтан жақсы білеміз.

Бұл ғылымда айқындалып зерттелмеген, өмір сүрген дәуірі де нақты емес өте көне дәуір. Бұл атауды қолданушылар, біздің эрамыздан бұрынғы көне заманда түркі тұқымдары монғол, тұңғыс-маньчжур халықтарымен бірлікте болған. Бұлардың тілдері де өзара туыстас, төркіндес тілдер деп есептейді. Ал түркі халықтарының ертедегі Отаны Алтай өңірі болған.

Кейбір ғалымдар «Түркілер Отаны – өр Алтай» - деп көрсетеді «Алаш» тарихи зерттеу орталығының зерттеулерінде [3.231].

Бұл мезгілді Алтай дәуірі, ал Алтай дәуіріндегі тілді шартты түрде «Алтай тілі» деп түсінеміз.

Мұны біз түрколог – ғалым, Н.А.Баскаков жасаған «Түркі» тілдерінің жалпы сызбасынан айқын аңғарамыз. Мұнда түркі тілдес халықтардың тарихи отаны Саян-Алтай өңірі екендігі дәлірек көрсетілген [3.15]. Алтай дәуірінде аталған халықтар және олардың тілдері бір-бірінен жекеленбей бірлікпен өмір сүрген, - деп есептеледі. Қазіргі тұрғыдан алғанда, Алтай ТМД мен Монғол халық республикасы және Қытай жеріндегі Азияның ірі таулар жотасы.

Ол – солтүстік батыстан Оңтүстік Шығысқа қарай, Батыс Сібірден Гоби жазығына дейінгі әр - түрлі бағытта созылып жатқан қыраттар мен жоталар, түркі тілдес халықтардың жасаған мекені мен жері болып табылады.

Солай етіп, түркі-монғол халықтарының тарихи дамуы осылай басталған болса, түркі тілдері қайдан келіп шықты және оның терминологиясының бастау көздері қалай пайда болды? - деген пікір туады. Ал түркі тілдері монғол тілдерімен туыстас деп есептеледі. Дегенмен, кейбір лингвистердің пікірінше, олардың арасындағы генетикалық байланыс әлі де шешілмеген еді. Мәселен, түркі-монғол тілдерін зерттеуші көрнекті алтаистер Г.Рамстедт пен М.Ряшеннің пікірінше, корей тілі де алтай тіліне жатады. Сонымен бірге, орал - алтай тілдері жапон тілімен байланысты, - деген де болжамдар бар [4.147].

Б.з.б I мыңжылдықта сыртқы Монғолияда, солтүстік Маньчжурияда түркі-монғол, түркі тілдес тайпалар қоныстанған орта болды. Мұнда ішкі Монғолияда, Байкалда, Ордастан Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген ғұн тайпалары түркі тілінде сөйлеушілер болған. Ал, бұлар бұрынғы сақ тайпаларының ұрпақтарымен көрші тұрған. Осы аталған Ғұндар мекендеген үш бөліктегі жерлерде түпкілікті және монғол тілі тобына жататын тайпалар одағы араласып тұрған.

Көптеген тілшілер түркі және монғол тілдерін, тұңғыс-маньчжур тілдерімен байланыстырумен бірге, бұл тілдер алтай тілдері топтарына қатысты, - деп есептейді. Түркі тілдерінің даму кезеңдері Орал - Алтай тілдері, Түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы ортақ элементтер жайлы пікір айтқан Г.И.Рамстедт, Е.Д.Поливанов, В.Л.Котвичтің пікірлеріне сүйенсек,

Алтай тілдеріне генетикалық байланысы бар тілдер: түркі, монғол, тұңғыс - маньчжур, корей, жапон тілдері кіреді.

XIX ғасырда алтай тілдеріне орал тілдерін де жатқызған. Алтай тілдері Г.Рамстедт, Н.Поппе, В.Котвич т.б. еңбектерінде дыбыстық құрамы ортақ лексика, сөздердің фонетикалық және морфологиялық құрамы сингармонизм, агглютинация негізінде жасалған [5.13].

Қазан төңкерісінен бұрынғы йақұт (саха) тілінің сөздік қорының 1/5 бөлігін монғол тілінен енген кірме сөздер құрайтынын айтуға болады. Демек, йақұттар немесе олардың ата-бабалары бір кезде монғол тілді халықтармен тығыз мәдени қатынаста болған. Заманауи йақұтша матбуғат тілінде болса, орыс тілінен енген сөздер 42 пайызды құрайды екен. Бұл көрсеткіш Қазан төңкерісінен кейін йақұт халқының қай мәдениеттің ықпалына ұшырағанын көрсетеді.

Қазақ тілі лексикасының құрамында монғол тілі элементтерін кездестіреміз. Бұлардың араб, парсы тілдерінен енген сөздерден едәуір өзгешелігі бар. Ол ерекшелік – сөздердің түркі тілдеріне ену жолына байланысты. Қазақ рулары ежелден монғол тайпаларымен қоян - қолтық аралас-құралас өмір кешкен, іргелес отырған. Осыған қарағанда, монғол сөздері қазақ тіліне тек Шыңғысхан шапқыншылығымен ғана байланысты емес, одан әлдеқайда бұрынырақ енгенге ұқсайды.

Ал олардың батысқа өтуі ерте басталады. Бұлар Еділ мен Дунай бұлғарларының тілдерін көрсетеді. Қазіргі уақытта бұлғарлардың, чуваштардың тілінің негізгі бөлігі Еділ бойындағы татарларда, гагауыздарда, құмықтарда т.б. түркі тілді тайпаларда сақталған. Монғол тілінің әсерін түркі тілдері лексикасының барлық саласынан, кездестіруге болады. Мәселен, Қазақстан мен Орта Азия топырағындағы көптеген жер - су атауларын, кісі аттарын, ру - тайпалардың аттарын да, тұрмыс салтқа, әдет-ғұрыпқа, әскери басқару, заң, ұлттық дәстүрге т.б қатысты ұғымдар мен соған байланысты сөздерді кездестіруге болады.

Мәселен, монғолдарда найман (майман), Ойрат, монғол рулары бар екендігін профессор Н.А.Баскаков өзінің түркі тілдерінің зерттеуіне арналған еңбегінде дәлелдейді [6.18].

Бұл зерттеулер Орта Азия мен Қазақстан түркі халықтарын ғана емес, жалпы түркі тілдес ру-тайпалармен байланыста болғанын дәлелдейді. Бұған қазіргі өзбек тілі мысал бола алады. Ол өзінің тарихи даму жолында өте шиеленіскен кезеңдерді басынан кешірген. Дешті Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойына қоныс аударған монғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті. Алтын Орданың орталық аймағы – Еділ бойы қазіргі

Саратовтан Астраханға дейін (астанасы – Береке сарайы) өзінде монғолдар Польша, Венгрия, Чехияны және басқа елдерді құлазытты.

Батыйдың тау суындай екпінді жорығы барысында монғолдар кең байтақ жерге ие болды. Батый иеліктерінің құрамына оңтүстік - шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Сібір мен Орта Азияны мекен еткен ежелгі түркілер өздерін айнала қоршаған өзге халықтармен де, басқа алыс - жақын жұрттармен де, сауда-саттық және экономикалық - саяси байланыста болғаны тарихтан мәлім. Түркі тілдері Сібірдің оңтүстік батысындағы Лена өзені алқабынан жерорта теңізінің шығыс жағалауы аралығын қамтиды. Олар солтүстікте орал тілдерімен қарым - қатынасқа түседі [7.22]. Түркологтардың басым көпшілігі өз классификациясында түркі тілдерін ғана қамтыды. Кейбіреулері ғылыми негізде жасалмағанымен тұрмай, түркі тілдерінің өзі де толық аталмай қалды.

Сондықтан, Б.Я.Владимирцев өз классификациясында түркі тілдерінің генетикалық жақтан байланысына аса назар аударып, оларды жалпы топтарға бөледі [8.125]. Мұны схема арқылы дәлелдеуге болады.

Алтай тілі (п्राязык) жалпы монғол - түркі тілдерінде: жалпы монғол, жалпы түрік, жалпы тұңғыс болып бөлінеді. Түркі тілдерінің тарихы мен этнографиясын ХІХ ғасырда зерттеген орыс ғалымы Н.А.Аристов түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың алтай, монғол тілдерінің әсерінен, қазақ далаларына өткенде, бәрі бір - бірімен араласып, тығыз қарым - қатынаста болған, - деп есептейді [9.15].

Демек, генетикалық байланыс монғолдар мен түркі халықтары арасында ерте уақыттан бері болған. Түркі - монғол тілдерінің байланысы қайдан келіп шықты, - деген пікірге сүйенсек, біз ең алдымен түркі-монғолдардың татар - монғол болып бөлінуінен, дерек көздерін табамыз.

Жалпы түркілік кезеңдегі кірме сөздердің ара - жігі араласып, кейбірінің кірмелік мәні көмескіленгені соншалық, ол түркі тілдерінен монғол тіліне енді ме, байқау қиын. Сонымен бірге, түркі сөздері этимологиялық жақтан зерттеуді талап етеді. Өйткені кейбір сөздер монғол тілдерінде де түркі тілдеріндегідей мағынада қолданылады.

Демек, ХІІІ ғасырда монғолдар Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алғанда екі халық арасындағы өзара қарым – қатынастар - тілде белгілі бір дәрежеде өз ізін қалдырғаны анық. Әрине, екі дәуірдің арасында белгілі байланыс, жалғастық болуы мүмкін, бірақ екеуіндегі нәтиже екі басқа: біріншісі генеалогиялық туыстық мәселесіне қатысты да, екіншісі тіларалық лексикалық ауыс - түйіске барып тіреледі. Оның біріншісі алтай теориясының міндеттері де, екіншісі түркі тарихи лексикологиясының зерттеу объектісі болып саналады. Бұл дәуірде түркі - монғол тілдерінің шығу тегі базистік лексиканың

түбір тұлғалары мен сөз жасау модельдерінің туыстығы, ортақтығы немесе сәйкестігі сөз болса, екінші дәуірде бұл тілдердің жоғарыдағы тарихи жағдайларға байланысты ықпал -әсерін өзара лексикалық ауыс-түйісті қарастырған болады. Мәселен, қаңлы, қыпшақ, дулат, алшын, арғын, найман, керей, қырғыз, якут, төле, түрк - тукю, қарлұқ т.б. рулардың түркі халықтарының қалыптасуына ұйытқы болғандығын көрсетеді.

Орыс ғалымы, Н.А.Аристовтың бұл пікірінің жаны бар [9.147]. Себебі қазіргі түркі тілдес халықтардың ішінде осы аталған ру – тайпалардың тілдері, әдет - ғұрпы, салт - дәстүрлері бір –біріне өте жақын. Яғни, оларды қазақ, қарақалпақ, өзбек деп ажыратудың өзі қиын.

Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым - қатынасы екі түрлі жағдайда қарастырылады. Бірінші, қазақ тіліндегі монғол тілдерінен тікелей ауысып кірген сөздер жайында. Бұған ең алдымен, екі халықтың ғасырлар бойы көршілес тұрып, бір - бірімен тікелей қарым - қатынас жасауы себеп болған. Ол тіл білімінде туыстас тілдерді классификациялау барысында, типологиялық классификацияға жатқызады.

Монғол тілдерінен енген кірме сөздер, түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінде кездестіреміз. Мәселен, мерген, қалқан, арғымақ, алмас, байрақ т.б. Олардың ішінде белсенді түрде қолданылатындары да, аз түрде жұмсалатындары да кездеседі. Енді біреулері белгілі аймақтық қолданыста ғана қалуы да, семантикалық өзгеріске түсуі де мүмкін. Мысалы, дөнежін, қанжыға, олжа, мерген т.б.

Сөз алмасу процесі, жалпы түркілік дәуірдегі, олардың халық болып қалыптасу дәуірінде, жеке ұлт болып қалыптасқаннан кейін де жүріп отырған. В.И.Рясяниннің жеке түркі тілдері бойынша алған сөздерінің біразы қазақтың жалпы халықтық тілінде де бар [4.147]. Түркі тілдері ішінде «мерген» сөзі парсы тілінен енген кірме сөз есебінде қолданылады. Мысалы, қарақалпақ тілінде: Байсында сексен мергеннің оқ жайының бәрін сындырып, мергенлерди тындырды [10.147]. Қазақ тілінде: Екіншіден, мергендік керек, оған қоса көздеген затқа дәл тигізу үшін қол күші керек. Аталған тілдердің ауыз екі тілінде «мерген» сөзі «мэргэн» тұлғасында кездеседі. Сондай – ақ, «мерген» сөзі монғол тілінде де бар [11.147]. Бұл сөз «шебер», «дәл атқыш» деген мағынаны білдіреді. Ал, түркі тілдерінде *«сары жайдан оқ атыушы чемпион»* дегенді білдірсе, ол монғол тілінде «мерген буудагч» деген терминологиялық тіркес құрамында кездеседі [12.147]. Бұл термин қазақ әдеби тілінде «мерген» түрінде (искусный стрелок) деген ұғымды білдірсе, ал, «атқыш мерген» деген терминологиялық тіркесте (меткий стрелок) деген мәнге ие. Көне түркі сөздігінде бұл термин «мэргэн» түрінде монғол және бурят тілдеріне ұқсас тұлғада қолданылады. Сондықтан, бұл сөзді монғол тілінің, не түркі тілінің сөзі

деп қараудан гөрі түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз, - деп алған дұрысырақ келетін сияқты. Терминдердің лексикалық қабатының қалыптасуына монғол тілдерінен енген сөздердің де ықпалы бар.

«Мерген» сөзі Г.Д.Санжеев сөздігінде мәргән - меткий, мәргән -буудагч–меткий стрелок, мәргән буудах – метко стрелять, - деп көрсетілген [13.306].

Бірақ қарастырып отырған түркі тілдерінің ішінде, бұл сөз терминологиялық тіркес түрінде кездескенімен, мағынасы өзге түркі тілдерімен ұқсас келеді. Бірнеше сөзді салыстырып отырсақ, дыбыстық өзгешелігі болмаса, білдіретін мағынасы бірдей, жалпы халықтық сипатқа ие бола бермейді. Мәселен: Өзбек тілінде: «мохир мерган»; Татар тілінде: «мадир мәргән»; Башқұрт тілінде: «мәргән уксы»; Түрікпен тілінде: «мерген атыжы»; Якут тілінде: «бэргэн ытааччы» т.б. терминологиялық тіркестер түрінде қолданылады. Мысалы: Мергеннің оқ жайын алып бериң қолынан. Сонымен бірге, қарақалпақ тілінде оның «атқыш» деп аталатын басқа варианты да бар. Мысалы: Хорезм оазисінде жасаушы сақ тайпасы дүние жүзіндегі ұқыпты атқыш мергендердің бірі. Бұл келтірілген екі сөз «атқыш пен мерген» тіркесе келіп, аталған мағынаны білдіреді. Өзге түркі тілдеріне қарағанда, бұл сөз қазақ тілінде өте көп қолданылады. Ал қарақалпақ тілінде поэтикалық тілде көбірек қолданылып, ол «атқыш» терминіне қарағанда образдылықты пайда етеді. Алпамыстан көріп қалған, мергеншилик хөнерим бар еди. Монғол тілінде «мәргән буудагч» тіркесінің келетінін біз монғолша-қазақша сөздіктен байқаймыз. Мысалы, Мергенге сапар жақпады, Сыйпалап көзин таппады [14.104]. Түркі тілдеріндегі «мерген» сөзі термин ретінде танылып, оның қолданылуын мынадай мысалдардан айқындауға болады. Мысалы: Қырық мерген атқан сарыжай қарақалпақ тілінде кездесе, ал қазақ тілінде де «мерген» сөзінің осы тұлғасы қолданылады. Мысалы, Ол кезенди аңлыған тоқсан үйли мерген бар. Дәрбент жолдың аузында қарап тұрса көп мерген [15.75].

Түркі тілдерінде «мерген» сөзі мынадай варианттарда кездеседі. Мәселен, қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түрік тілдерінде – мерген; башқұрт, ұйғыр тілдерінде – мәргән; өзбек тілінде – мергән; якут тілінде-бэргэн т.б. [16.12]. тәрізді сөздер түркі-монғол тілдерінің көбіне ортақ болып келеді. Кейбір ғалымдардың пікірінен, түркі тілдерінің сөздік құрамында, көне дәуірде енген кірме сөздер бар екенін білеміз. Мұны қазақ тілінің деректері де растайды. Өйткені, қазақ халқының ақыны, лингвист - ғалым О.Сүлейменовтың еңбегінде: монгольская опасность объединила на поле калки кыпчаков, русских и вассалов, ковуев, берендеев, черных клобуков... Пестрый образ народа южно - русских степей Калка стала последним щитом Руси [17.165], - деген қатарларды кездестіреміз. Түркі тілдерінде «қалқа» деген де сөз бар.

Мәселен: Қарақалпақ тілінде: қалқан; Қазақ тілінде: қалқан; Өзбек тілінде: «қолқан» (щит) мәнінде; Монғол тілінде «халх» (щит) мәнінде кездеседі.

Бұл деректерден біз «қалқа» сөзі ертеректе «халық» мәнінде кейінірек «қалқан», «щит» мәнінде қолданылған, - деген тұжырымға келдік. Өйткені, көне түркі тілдеріндегі «қалқан» сөзі ежелгі түркі сөздіктерінде «galgan» тұлғасында кездеседі.

«Қалқан» термині (қорғаныш, пана) мағыналарында қарақалпақ, қырғыз және қазақ тілдерінде де қолданылады. Мысалы: Жартас қалқан болды, ағашлар балдақ, алға жылжи берди жаралы шайыр [18.156] бұл мысалдағы қарақалпақ тіліндегі «қалқан» сөзі метафора қызметінде қолданылған. Мысалы: Көзлери бар урадай, Қулақлари қалқандай [18.121].

Ойымызды қорыта айтқанда, түркі-монғол тілдерінің тілдік байланысы жөніндегі Г.И.Рамстедтің фонетика-грамматикалық сипаттағы зерттеулеріне сүйенсек, түркі тілдері мен монғол тілдерінің бір негізден өрбіген туыстас тіл екендігі байқалады. Сондай-ақ, көршілес монғол халықтарымен байланысының нәтижесінде, тілімізге кірген монғол сөздері де тіпті түркі дәуірінен келе жатқан үлкен достық байланыстың жалғасы болса, қазіргі күнде түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер деп есептейміз. Қазақтың классик ақыны ұлы Абайдың «қара сөздерін» оқысақ, мынадай фразаны көріп таңқаламыз. Мәселен, «Хәммеге мәлім, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келген. Бірі Үндістан тарапынан келген, ол үйір болып, қайдан шыққандығын білгендер. Ал екіншісі - монғол жақтан келгендер, олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, көбі тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларының, ақсақалдарының айтуымен, ауызша хабардан білгеніне қанағат қылып жүргендер [19.121].

Екі халықтың бір-бірінен сөз алып, бір-біріне сөз беріп, бірінде барды бірінен алып пайдалануы – бұл терминологиямыздың жасалу көздерінде түркі-монғол тілдерінің лексикалық қабаты, - деп ойлаймыз.

Түркі-монғол тілдеріндегі грамматикалық ұқсастықтар туралы пікір айтқан алтаист ғалымдар: Г.Рамстедт, В.Я.Владимирцев, Н.Поппе, К.Менгес, М.Рясянен түркі-монғол тілдерінің морфологиясын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген еңбегінде де көрсеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Базылхан Б. Монғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. – Өлгий, 1973. – 173б.
2. Лингвистикалық терминдер сөздігі. – Алматы: «Сөздік- Словарь», 2000.

3. «Алаш» тарихи зерттеу орталығы. Қазақ ру тайпаларының тарихы. Табын. – Алматы, 2000. II том. – 422 б.
4. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва, 1957. – с. 242.
5. Владимирцев Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. – Москва, 1989. – 4б.
6. Баскаков Н.А. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – Москва, 1979.
7. Боровков А.К. Об очередных вопросах изучения каракалпакского языка // Сб. «Каракалпакия», Ленинград, 1934. II том.
8. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – Спб. 1897.
9. Карибаева А.У. «Алпамыс» дәстанындағы миллий ойын терминлериниң этимологиясы. – Нөкис, 1997.
10. Карибаева А.У. Спортивная лексика каракалпакского языка. – Н., 1995. – 104.
11. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий // СПб., 1989. Т.1. – 89-119.
12. Карибаева А.У. Русско-каракалпакский терминологический словарь по физкультуре и спорту. – Н., 1990. – 11б.
13. Карибаева А.У. Түркі терминологиясы: тарихи дамуы мен қалыптасуы. – Тараз, 2020
14. Карибаева А.У. «Қырыққыз» дәстанындағы миллий спорт терминлериниң қәлиплесіу тарихы. – Нөкис, 1998.
15. Сулейменов О.Аз и Я? – Алматы, 1975.
16. Есемуратов Г. Шахмат // Әмудәрья. – Нөкис, 1986. – №4. 69 б.
17. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1940.